ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
## электрондық ғылыми журнал

ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
## электронный научный журнал

ISSN 2710-3994

# EDU.E-HISTORY.KZ
## electronic scientific journal

**Құрылтайшы:**
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редактор**
Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

**Редакциялық алқа:**
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар
(Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

**Жауапты редактор:**
З. Төленова

**Редактор:**
Р. Көбеев

**Редакцияның мекен-жайы:**
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель и издатель:**
«Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

**Главный редактор**
Абжанов Ханкелди Махмутович

**Редакционная коллегия:**
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали, Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков, Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан), Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков, У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

**Ответственный редактор:**
З. Толенова

**Редактор:**
Р. Кубеев

**Адрес редакции:**
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г.
Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

**Founder and publisher:**
“Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

**Editor-in-chief:**
Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

**Editorial board:**
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali, N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov, Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov, W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

**Executive editor:**
Z. Tolenova

**Editor:**
R. Kobeev

**Editorial address:**
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published
4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

ӘОЖ 316.334.55:39(574)

## АУЫЛ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

**Д.Ж. Жайлыбаев**
*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының магистрі*

**Аңдатпа.** Автор тәуелсіздік алғаннан кейінгі ауыл қауымы және оның этноәлеуметтік рөлін сипаттаған. Сонымен қатар, ауылдарды екі типке бөліп қарастырып ондағы өзгерістер мен мәдени және экономикалық-әлеуметтік құндылықтарды алға тартып, олардың келешекте ауыл қауымына тигізер әсерін көрсеткен. Жаңа инновациалық дамудың ауыл өміріне әсер етуі нәтижесінде ауылдардағы мәдени құндылықтардың өзгеруін мақалада негізгі мәселе ретінде қарастырады. Сондай-ақ келешекте ауыл өмірі жекелеген шаруашылық негізінде қалыптасатындығы анықталған.
**Түйін сөздер.** Ауыл, үрдіс, этноәлеуметтік, қатынастар, этномәдени, өзгерістер, қызмет, көрсету, жастар, фермер, кәсіби, ауылдар.

## СЕЛЬСКАЯ ОБЩИНА И ЕЕ ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ

**Д.Ж. Жайлыбаев**
*Научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, магистр*

**Аннотация.** Автор характеризует сельское сообщество периода после обретения независимости и его этносоциальную роль. Кроме того, автор рассматривает сельские населённые пункты, разделяя их на два типа, анализирует происходящие в них изменения, а также культурные, экономические и социальные ценности, показывая их влияние на дальнейшее развитие сельского сообщества. В качестве одной из ключевых проблем статьи рассматривается трансформация культурных ценностей в сельской местности под воздействием инновационного развития. Также делается вывод о том, что в будущем жизнь сельского населения будет формироваться преимущественно на основе индивидуальных хозяйств.
**Ключевые слова.** Ауыл, этносоциальные отношения, этнокультурные изменения, сервис, молодёжь, фермер, профессиональные аулы.

## AUL COMMUNITY AND ITS ETHNOSOCIAL ROLE

**D.Zh. Zhailybayev**
*Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov, Research Fellow*

**Abstract.** The author examines the rural community in the post-independence period and its ethno-social role. The article also classifies rural settlements into two types, analyzes the changes taking place within them, and highlights their cultural, economic, and social values, demonstrating their impact on the future development of rural communities. One of the central issues addressed in the article is the transformation of cultural values in rural areas under the influence of innovative development. The study further concludes that, in the future, rural life will increasingly be organized on the basis of individual farming households.
**Key words.** village, ethno-social relations, ethno-cultural changes, service, young people, farmer, professional villages.

Автор тәуелсіздік алғаннан кейінгі ауыл қауымы және оның этноәлеуметтік рөлін сипаттаған. Сонымен қатар, ауылдарды екі типке бөліп қарастырып ондағы өзгерістер мен мәдени және экономикалық-әлеуметтік құндылықтарды алға тартып, олардың келешекте ауыл қауымына тигізер әсерін көрсеткен. Жаңа инновациалық дамудың ауыл өміріне әсер етуі нәтижесінде ауылдардағы мәдени құндылықтардың өзгеруін мақалада негізгі мәселе ретінде қарастырады. Сондай-ақ келешекте ауыл өмірі жекелеген шаруашылық негізінде қалыптасатындығы анықталған. Кілт сөздер: Ауыл, үрдіс, этноәлеуметтік, қатынастар, этномәдени, өзгерістер, қызмет, көрсету, жастар, фермер, кәсіби, ауылдар.

Қазақ ауылының тағдыры соңғы жылдары ғылымда өзекті мәселеге айналып отырғаны сөзсіз. Себебі, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ ауылдарының сипаты әртүрлі қалыптасты. Бұны соңғы кездердегі қоғамдық құбылыстардағы өзгерістер мен дәстүрлі құндылықтардың өзгеріске түскендігінен көруге болады.

Қазақстандағы этномәдени және әлеуметтік-экономикалық үрістердің жедел дамуы ауыл қауымының этноләлеуметтік келбетін жаңаша қалыптастырды.

Қазіргі кездегі ауылдарды сыртқы және ішкі сипаты бойынша екі типке бөліп қарастырсақ болады:

– Бірінші, ауылдардың жалпылық ұқсастықтары (дамыған ауылдар);

– Екінші, ауылдардың жекелік ерекшеліктері (даму үрдісінен қалып қойған ауылдар).

Бірінші типке жататын ауылдардың жалпылық ұқсастықтары мемлекет тарапынан жасалып жатқан арнайы жобалар мен арнайы бағдарламалар аясында дамып келе жатқан ауылдарды айтсақ болады. Мысалы, ауыл экономикасын дамыту үшін еліміз тәуелсіздік алғаннан бері бірнеше арнайы жобалар мен стратегиялық бағдарламалар іске асырылды. 2002–2005 жж. Ауыл жылы болып белгіленді [1], «Ауылдық аймақтарды дамытудың 2004–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014–2018 жж. арналған стратегиялық жоспары [2] іске асырылды, «Дипломмен ауылға» [3], «Халықты жұмыспен қамту 2020 жол картасы» [4] және т.б. жобалар орындалуда. Соның нәтижесінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық өмірі жақсарды. Сонымен қатар, бұл дамыған ауылдардың жалпылық ұқсастықтары ауылдардың орналасқан территориялық ерекшелігіде ерекше маңызға ие. Ірі қалалардың маңындағы (Астана, Алматы, Шымкент және т.б.) ауылдардың әлеуметтік дамуы ірі қалалармен байланыстары ауыл бейнесін біркелкілікке алып келіп отыр [5]. Бұл ауылдар қала маңындағы индустриялық аймаққа айналу үстінде, яғни қала ішінде орналасқан зауыттар, фабрикалар, ірі кәсіпорындар, халықаралық бірлескен өндіріс орындары ауылдарға көшірілуде [6]. Міне осының нәтижесінде ауыл халқы жұмыспен қамтылып, жолдар салынып, көшелер жарықтандырылып, қаламен көлік қатынастары ретке келуде. Себебі, қаладан көшірілген зауыттардың белді мамандары қаладан ауылға қатынап жұмыс істейтіндіктен жол, көлік қатынастары жақсарып, арнайы маршруттар ашылу үстінде.

Қала маңындағы ауылдардың тұрғындарының көпшілігі қалаға қатынап жұмыс жасайды және әртүрлі кәсіп иелері болып табылады. Бұл ауылдарда шағын кәсіпкерлікпен (ағаш өңдеу шеберханалары, сплитерлі кірпіш құю, көлік жөндеу орталықтары, жиһаз, пластикалық терезе жасайтын шеберханалар, құрылыс материалдарын шығаратын шағын кәсіпорындар және т.б.) айналысып отырған азаматтарда баршылық. Солардың қатарында оралмандардың рөлі өте зор, себебі, Қытайдан, Түркиядан, және т.б. жақтан келген оралмандар кәсіптің жаңа түрлерімен айналысуда [7]. Қаланың жақын орналасуы нәтижесінде ауылдарда сауда-саттық мәселелері де дұрыс жолға қойылған. Мысалы, Алматы облысының Қарасай, Іле аудандарына қарасты ауылдардың әр бірінде 5–10 азық-түлік дүкендері бар. Оларға тауарды қаладан арнайы фирмалар жеткізіп беріп отыр. Бұл үрдістер ауылдағы қызмет көрсету саласының да дамығанын көрсетеді. Мысалға, тауар жеткізу, газ балондарды жеткізіп беру, көлік жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру, жиһаздарды жинап беру және т.б [8].

Ауыл халқының жұмыспен қамтылуын 1999–2009 жж. санақ бойынша салыстыратын болсақ төмендегідей көрініс береді.

*1-кесте.* **Жұмыспен қамтылған халық** [9, 43-б.]

*2–кесте.* **Халықтың миграциялық көрсеткіштері** [9, 38-б.]. Алдыңғы санақпен (1999 ж.) салыстырғанда республикадағы жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,6 есе өсіп, 6 599 496 адамды құрады. Бұл ретте әйелдердің үлесі айтарлықтай артып (3,2%), барлық жұмыспен қамтылғандардың 45,2%-ын құрады. Ауылдық жерлерде де жұмыспен қамту өсіп, ауылдық жерлердегі жұмыспен қамту 3,2 %-ға (44,7), жоғарылады. Кестеден белгіліп болып отырғандай 2009 жылдарғы ауылдық жерлердегі әйелдердің жұмыспен қамтылуының жоғарғы көрсеткішке жетуін соңғы жылдары оқу бағдарламалары және жалпы жұмыс көздері әйелдерге арналған жұмыстар болып табылады. Керісінше бұрынғы совхоздардың тарауынан кейінгі үрдістер ер адамдардың әйелдерге қарағанда жұмыспен қамтылуды төмен көрсеткіш беріп отырғандығын көреміз. Бұл құбылыстарды кейінгі кездердегі қоғамдық құндылықтардың өзгергендігімен және еңбек нарығындағы жаңа реформалармен байланыстыруға болады.

Ауылдардың әлеуметтік жаңаруының бірдені-бір көзі ішкі және сыртқы миграциялық үрдістер болып табылады. 2009 жылғы санақтың қорытындылары бойынша ел халқының жалпы санының 10033419 адам (жалпы санының 62,7%) өз өңірлерінде туған және сонда тұрақты тұрады, ал 5 976 178 адам (37,3%) тұратын жерлерін өзгерткен, әрі 3031895 адам немесе тұрақты тұратын жерлерін өзгерткен халық санының 50,7%-ы тұратын жерлерін 1999–2009 жылдар арасында өзгерткен.

| | Барлық халық адам | Олардың ішінде тұрақты тұратын жерлерінде ұдайы тұратындар (ТТЖ) | Туғаннан бері тұрмайтындардың қатарынан 1999-2009 жж. арасында ТТЖ-ге келгендер, адам | Олардың ішінде | Тұратын жерлерін республика ішінде өзгерткендер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Туғаннан бері | Туғаннан бері емес | ТМД елдерінен | Басқа елдерден | | | | | | | | | |
| адам | % | адам | % | адам | % | адам | % | адам | % | | | |
| **Барлық халық** | 16,009,597 | 10,033,419 | 62,7 | 5,976,178 | 37,3 | 3,031,895 | 542,781 | 17,9 | 107,881 | 3,6 | 2,381,233 | 78,5 |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ерлер | 7,711,224 | 5,050,111 | 65,5 | 2,662113 | 34,5 | 1,430,882 | 265,406 | 18,5 | 58,285 | 4,1 | 1,107,191 | 77,4 |
| Әйелдер | 8,297,373 | 4,983,308 | 60,1 | 3,314,065 | 39,9 | 1,601,013 | 277,375 | 17,3 | 49,596 | 3,1 | 1,274,042 | 79,6 |
| **Қала халқы** | 8,662,432 | 4,735,542 | 54,7 | 3,926,890 | 45,3 | 1,973,039 | 269,398 | 13,7 | 35,877 | 1,8 | 1,667,764 | 84,5 |
| Ерлер | 4,055,341 | 2,306,238 | 56,9 | 1,749,103 | 43,1 | 932,898 | 131,377 | 14,7 | 20,906 | 2,2 | 780,615 | 83,7 |
| Әйелдер | 4,607,091 | 2,429,304 | 52,7 | 2,177,787 | 47,3 | 1,040,141 | 138,021 | 13,3 | 14,971 | 1,4 | 887,149 | 85,7 |
| **Ауыл халқы** | 7,347,165 | 5,297,877 | 72,1 | 2,049,288 | 27,9 | 1,058,856 | 273,383 | 25,8 | 72,004 | 6,8 | 713,469 | 67,4 |
| Ерлер | 3,656,883 | 2,743,873 | 75,0 | 913,010 | 25,0 | 497,984 | 134,029 | 26,9 | 37,379 | 7,5 | 326,576 | 65,6 |
| Әйелдер | 3,690,282 | 2,554,004 | 69,7 | 1,136,238 | 30,8 | 560,872 | 139,354 | 24,8 | 34,625 | 6,2 | 386,893 | 69,0 |

Кестеде көрсетілген бұл мәліметтер қазақ ауылдарының жаңаруына, әлеуметтік дамуына және туыстық немесе өзара қатынастардың өзгеруіне алып келді. Мысалы, сыртқы миграциялық үрдістердің нәтижесінде елімізге оралған қандас бауырларымызсыз қазіргі кездегі ауыл қауымын елестету мүмкін емес. Олар елге оралғаннан кейін ауылдық және қалалық жерлерде жаңа жұмыс көздерінің көбеюіне әсер етті, мысалы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстанға қоныстанған оралмандардың елге бейімделу дәрежесі де екі түрлі әлеуметтік үрдістер арқылы өтіп жатыр. Шығыс Қазақстанның Зайсан, Күршім аудандарындағы оралмандардың көпшілігі егін, мал шаруашылығымен айналысу үстінде. Тіпті қазақтың ұмыт болып бара жатқан тары өсіру кәсібін қайта жаңғыртуда [10]. Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы олыстарына келген оралмандар саудамен және өнеркәсіп салаларымен айналысуда зор көрсеткіштерге жетіп отыр.

Оралмандардан тыс ішкі миграциялық үрдістердің нәтижесінде дамыған ауылдардағы әлеуметтік үрдістер әртүрлі сипатка ие, ал керісінше шалғай дамымаған ауылдарда жастардың жаппай қалаға немесе қала маңындағы ауылдарға көшу бағыттары қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық келбетін өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар, ауыл халқының туыстық қатынастарының байланысын үзіп, қауымдық бейнесін өзгертуде. Тіпті, кейбір ауылдарда қауымдық қатынастардың негізі де қалмаған десе болады. Бұл көптеген дамыған ауылдардың сипатының жаңа формада қалыптасқандығын көрсетеді. Мысалы, қала маңында орналасқан ауылдарға халықтың көпшілігі жұмыс іздеу нәтижесінде орналасқандықтан туыстық қатынастар көп сақталмайды. Себебі жан-жақтан жиналған ауыл тұрғындары тегіс біркелкілкілікті сақтай алмайды. Олардың күнделікті тұрмыс тіршілігі қаламен тікелей байланысты, қалаға қатынап жұмыс істейді, сауда жасайды, жалдамалы жұмыстар атқарады, қызмет көрсету салаларында қызмет жасайды және т.б. Бұл жағдай жаңадан дамып келе жатқан ауыл халқының бірігуіне негіз болмай отыр. Осындай нарыққа бейімделген ауылдардың қоныстану жүйесіндеде біраз өзгерістер байқалады. Ол қалаға жақын маңдағы ауылдарда жер телімінің қымбат болуына және ауыл халқының жағдайының көтеріліп шетел

тәжірибелеріне көп сүйенетіндігін байқауға болады. Мысалы, жұмыс үшін қонысын ауыстырған тұрғындар қала маңындағы ауылдардан жер телімін алып уақытша үйлер тұрғызады (2–3 бөлмеден тұрады) және жағдайы жақсарған тұрғындар үлкен 2–3 қабатты үйлер салуға көшкен (бұл үйлер 9–11 бөлмеден тұрады, ішкі бөлмелердің негізделуі де батыстық үлгіге сәйкестеліну жасалады, жуынатын бөлмелердің, дәретхананың үйдің ішінде болуы және т.б.) [11].

Осындай ауылдардың тез қарқында даму үрдісі ауылдық қауымның келбетін өзгергендігін байқатады. Яғни туыстық қатынастардың әлсірегені мен отбасылық құндылықтардың сақталмауы дәстүрлі қазақ ауылынан жаңашыл ауыл қауымына өту үрдісін көрсетеді. Жалпы, бұл ауылдарда туыстық қатынастар екі жағдайда ғана іске асырылады яғни бір атаның туыс-ағайындар өлім-жітім мен той-мерекеде ғана бірігеді. Себебі, туысқан адамдар осындай екі жағдайда жиналғанның нәтижесінде ауылдық жерлерде құрылыс ғимараттардың жаңа негіздемесі пайда болған, ол тойларға арналған арнайы тойханалардың салынуы және өлім-жітім болғанда ас, садақа (жетісі, қырқысы, жүзі, жылын) беруге арналған қатымханалардың салынуы соңғы жылдарда ерекше назар аудартады. Тойханалардың салынуы арнайы мерекелерге арналып, оның ішінде бірнеше қызмет көрсетулері қамтылған (әр түрлі тағамдармен қамтамасыз ету, фото, видеоға түсіру, асаба жалдау, шоу бағдарламалар ұйымдастыру, арнайы салтанатты көліктер жалдау және т.б.), ал керісінше қатымханалардың салынуы діни құрылыстардың яғни мешіттердің жанынан қалыптасты. Мешіттер бұрынғы кездері тек ғибадат етуге арналса, қазіргі кезде олардың функциясына өзгерістер енуде. Соңғы кездері мешіттер діни кешен болып табылады. Оның намаз оқитын, құран оқитын бөлмелерімен қатар бөлек асханалары қалыптасқан. Кейбір мешіттер үлкен терреторияны қамтып соған мешітті, дәретхана, медрессе, қатымхана, діни заттар дүкенін барлығын орналастырған. Мұндағы асхана яғни қатымханалар адамның қайтыс болғаннан кейінгі жетісі, қырқы, жүзі, жылын өткізуге арналып салынған. Кейбір осындай қатымханалар 250 адамнан 550 адам сиятындай жасалған. Осыған қосымша қазан-ошақ, ас дайындайтын бөлме, ыдыс-аяқпен жабдықталған. Тіпті арнайы аспаз және даяршылармен қамтамассыз етілген. Қатымхана қолжуатын бөлмелерімен және ас беретін бөлмеде арнайы дыбысты күшейтетін аппараттар, марқұмның естеліктерін (фото, слайд, видеоларды) көрсетуге арналған компьютерлік технологияларымен ерекшеленеді. Бұл ауыл халқы үшін заманауи тұрмыста дәстүрлі ғұрыптарды атқаруға зор ыңғайлылық тудырады. Айта кететін мәселе бұл діни кешендердің салынуы соңғы 2000 жж. кейінгі үрдістер. Ал, бұл дегеніміз осы құрылыстар ауылдан шыққан ірі кәсіпкерлердің қаржысына салынуда. Жекелеген тұлғалардың тойханалар мен қатымханаларды салуы жаңа кәсіпкерліктің көзі ретінде қарастырса болады [11]. Жалпы, қала маңындағы ауылдардағы осы үрдістер қала және ауыл мәдениетінің ортақ тоғысынан туындап отыр десек болады. Себебі, бұл ауылдардағы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің іске асырылуындағы жаңа инновациялық қадамдардың (тойхана және қатымханалардағы қызмет көрсету салалары және т.б.) іске асырылуы тікелей қала мәдениетінің әсерінен орын алуда.

Ал, шалғай ауылдардың әлеуметтік тұрғыда әлсіз болғанымен кейбір мәселеде қауымдық бірігуде көзге түсуде. Туыстық байланыстардың сақталуы және көршілік қатынастардың берік қалыптасуы шалғай ауылдарда қауымдық құрылыстың негізі жойылмағандығын көрсетеді. Себебі, көптеген жырақтағы ауылдардың қоныстану жүйесі мен тіршілік көзі біркелкі болып табылады. Соның негізінде 1990 жж. ортасынан кейінгі жекешелендіру кезіндегі үлестеріне тиген жер телімдері ауыл халқы үшін мал және жер шаруашылығымен айналысуға мол мүмкіндік туғызуда. Осындай шаруашылықпен айналысушы азаматтар өз шаруашылығына туыстарын, етене жақын ағайындарын жинау арқылы ауылда жаңа қауымның формасын қалыптастырып отыр (бұл дәстүрлі қазақ ауылы жүйесіне сәйкестенеді). Ендігі жерде қазақ ауылының қауымы тек қана туыстық мүдде тұрғысынан емес, сондай-ақ тіршілік қамы негізінде қалыптасу барысында. Бұл қызметтерді әртүрлі заңдық тұлғалар (фермер, кәсіпкер)

өз мойнына алуда. Нәтижесінде ауылдың көне жер атаулары қалпына келтіріліп, ел игілігіне ата-бабалары атында мешіттер салынуда, ұлттық мерекелер мен мерейтойлар, үлкен астар өткізіліп жатыр. Осы үрдістер ауыл халқының тарихи жадын қалпына келтіруге, тарихи сабақтастықты сақтауға, жастар арасында патриоттық тәрбиеге, ұлттық ойындардың дамуына мүмкіндіктер жасалып отыр.

Осы ауылдардың даму дәрежесі өз кезегінде қаламен байланысы, жастардың қалаға оқуға баруы, жұмысты қалаға барып істеуі ауыл мен қала халқының өзара мәдени қатынасының қалыптасқандығын көрсетеді. Ауылдықтардың қала халқына әсіресе жастар арасындағы ықпалы жастар арасында байқалады. Ал, қалалықтардың ауыл өміріне ықпалы тұрмыстық, әлеуметтік бағытта және ішінара мәдени бағыттарда байланысты. Жалпы қала мен ауыл қауымының өзара байланыстары тікелей жастардың араласуымен іске асуда. Жастар бұл жерде «мәдениет тасымалдаушы» қызметін атқаруда.

Еліміздің соңғы жылдары қарыштап дамуына сәйкес қазіргі кезде ауылдардың барлығына дерлік ғарыштық, сандық форматтағы телевизияға қосылған. Себебі шалғай ауылдардың көпшілігінде теле-байланыстардың нашар болуы ауыл тұрғындарын ғарыштық теле-байланысқа қосылуға мәжбүрлеуде. Бұдан шығатын қорытынды ауыл халқы мәдени өзгерістерді тек өз елімізден емес, сонымен қатар, шетелдік арналар арқылы алып отырғандығы. Өз кезегінде осы құбылыстар ауыл халқының өмірінде аудандық мәдениет үйлері мен кітапханалардың маңызы жоғалғандығын көреміз [12].

Қорытындылай келе қазақ ауылы қауымының соңғы кездердегі келбеті әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді. Ауыл халқының дәстүрлі шаруашылық түрлерімен айналысуы және қала мәдениетімен байланысқа түсуі бүгінгі заман талабының үдесінен шығуда. Бұл келешекте кәсіби жекелеген шаруашылықтардың көбеюі нәтижесінде шалғай ауылдарда үкіметтік бағдарламалардың іске асуын қамтамасыз ететіндігі сөзсіз. Соның нәтижесінде ауыл қауымын немесе ауылдардың 2 типке емес бірнеше типке бөліп қарастыратын зерттеулер жүргізу қажеттігі туындайды.

Елбасының жылдағы жолдаулары, мемлекеттік бағдарламалардың ауылға мол мән берілуі ауыл халқының алдында үлкен үндеулер тастауда, бұл ел ішілік үндеу емес ғаламдық үндеулермен ұштасуда. Бұдан шығатын қорытынды келешекте ауыл тұрғындары үшін ауыл шаруашылығында, басқа да салаларда жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Мемлекеттің ауыл халқына арналған «агросекторды қолдау», «Агробизнес 2020»[13] бағдарламалары келешектегі кәсіби ауылдардың алғышартына айналатыны сөзсіз. Бұл өз кезегінде ауыл қауымының алдында бірнеше мәселелер туғызады. Яғни, шалғай егін мен немесе мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда қарапайым тұрғындардың болмауы ықтимал. Себебі, бұл ауылдар келешекте *кәсіби ауылдарға* айналады, онда тек белгілі саламен шұғылданатын адамдар өмір сүреді. Ал, ауылда өмір сүріп ешқандай шаруашылық саламен айналыспайтын, тек әлеуметтік көмектерге сүйенген адамдар мұндай кәсіби ауылдарда ұзақ тұрақтай алмайды. Олар өздігінен қала маңына көшіп келіп жаңа кәсіп түрлерін қарастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2003 жылғы 16 сәуір. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. // www. akorda. kz (сайтты қараған уақыты 28.05.2015).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014–2018 жж. арналған стратегиялық жоспары // mgov.kz (сайтты қараған уақыты 25.05.2015).

3. Дипломмен ауылға бағдарламасы // egov.kz (сайтты қараған уақыты 25.05.2015).

4. Халықты жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасы // egov.kz (сайтты қараған уақыты 25.05.2015).

5. АӨЖМ (автордың өзі жинаған материалдары), Алматы облысы, Қарасай ауданы, 2012 жыл.; Оңтүстік Қазақстан облысы, Асар ықшам ауданы, 2012 жыл; Ақтөбе облысы, Мұғалжар, Темір, Байғанин аудандары, 2012 жыл.

6. АӨЖМ, Алматы облысы, Қарасай ауданы, 2013 жыл.

7. АӨЖМ, Алматы облысы, Қарасай ауданы, 2014 жыл.

8. АӨЖМ, Алматы облысы, Іле, Қарасай аудандары, 2015 жыл.

9. «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары». Талдамалы есеп. Ред. Басқарған Смайылов Ә. А. – Астана, 2011.

10. АӨЖМ, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан, Күршім ауданы, 2014 жыл.

11. АӨЖМ, Алматы облысы, Қарасай, Іле аудандары 2012 жыл.

12. АӨЖМ, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, 2013 жыл.

13. «Агробизнес 2020 бағдарламасы» // mgov.kz (сайтты қараған уақыты 24.05.2015).

**References**

1. Kazakhstan Respublikasy Prezidenti N. A. Nazarbayevtyn Kazakhstan halkyna Zholdauy. 2003 zhylgy 16 sauir. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin resmi saity. // www. akorda. kz (saitty karagan uakyty 28.05.2015).

2. Kazakhstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministrliginin 2014–2018 zhzh. arnalgan strategialyk zhospary // mgov.kz(saitty karagan uakyty 25.05.2015).

3. Diplommen auylga bagdarlamasy // egov.kz(saitty karagan uakyty 25.05.2015).

4. Halykty zhumyspen kamtu 2020 zhol kartasy bagdarlamasy //egov.kz(saitty karagan uakyty 25.05.2015).

5. AOZHM, Almaty oblysy, Karasay audany, 2012 zhyl; Ontustyk Kazakhstan oblysy, Asar yksham audany, 2012 zhyl; Aktobe oblysy, Mugalzhar, Temir, Baiganin audandary, 2012 zhyl.

6.AOZHM, Almaty oblysy, Karasay audany, 2013 zhyl.

7. AOZHM, Almaty oblysy, Karasay audany, 2014 zhyl.

8.AOZHM, Almaty oblysy, Ile, Karasay audandary, 2015 zhyl.

9. Kazakhstan Respublikasynyn 2009 zhylgy Ulttyk halyk sanagynyn korytyndylary. Taldamaly esep. Red. Baskargan Smaiylov A.A. – Astana, 2011.

10. AOZHM, Shygys Kazakhstan oblysy, Zaisan, Kurshim audandary, 2014 zhyl.

11.AOZHM, Almaty oblysy, Karasay, Ile audandary, 2012 zhyl.

12. AOZHM, Akmola oblysy, Burabay audany, 2013 zhyl.

13.«Agrobiznes 2020 bagdarlamasy» // mgov.kz(saitty karagan uakyty 24.05.2015).

## МАЗМҰНЫ

**Абдимомынов Н.Т.**
МИХАИЛ VIII ПАЛЕОЛОГ БИЛІГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1261-1282)
ВИЗАНТИЯНЫҢ АЛТЫН ОРДАМЕН САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ ……………………….……7

**Абдимомынов Н.Т.**
ТОҚТАМЫСТЫҢ ТЕМІРМЕН ҚҰНДЫЗША (1391 ж.) ЖӘНЕ ТЕРЕК (1395 ж.)
ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ ШАЙҚАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ………………………………...………16

**Атығаев Н.Ә.**
«ҚОЗЫ БАСЫ» МЕКЕНІНІҢ ОРНАЛАСУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ ........................................30

**Атығаев Н.Ә.**
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ДЕРЕКТЕР ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ
МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ ....................................................................40

**Баудиярова Қ.Б.**
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ..........................................................................................51

**Өрісәлі Дүйсен**
ҚИМАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР ......................................................59

**Ескекбаев Д.Б.**
МӘСКЕУ МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР ................................................63

**Жайлыбаев Д.Ж.**
АУЫЛ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ ..................................................70

**Жүнісбаев А.Ә.**
САҢЛАҚ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАСЫ: САНЖАР АСФЕНДИАРОВТЫҢ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ ...........................................................................................93

**Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.**
ТЕМІР ҰРПАҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ....................................................100
.
**Нұрмұханбетов Б., Амаргазиева А.Ж.**
«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЭПОСЫ КӨНЕ ДҮНИЕНІҢ
КЕСКІНДЕМЕЛІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕ ...................................................................107

**Омаров Ғ.Қ., Куркеев Е.М.**
БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ ..........................................................................111

**Омарова Г.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ (тарихи-демографиялық талдау) ..............123

**Омарова Г.А.**
АЛМАТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ ......................................................128

**Рахымқұлов Д.А.**
ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ БІЛІМ АЛҒАН ГИМНАЗИЯЛАР ЖӨНІНДЕ
(XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы) ............................................................137

**Рахымқұлов Д.А.**
ӘШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС ...............144

**Рүстемов С.К.**
ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОСМАНДЫҚ ТҮРІКТЕР:
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН ...................................................................................165

**Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.**
БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛА БАСТАУЫ ......................180

**Уайсова Ш.Н.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ .....................................................................193

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдимомынов Н.Т.**
ПОЛИТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ ВИЗАНТИИ С ЗОЛОТОЙ ОРДОЙ
В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МИХАИЛА VIII ПАЛЕОЛОГА (1261-1282) .................................. 7

**Абдимомынов Н.Т.**
ИСТОРИЯ СРАЖЕНИЙ ТОХТАМЫША С ТИМУРОМ
НА РЕКАХ КУНДУЗЧА (1391 г.) И ТЕРЕК (1395 г.) ............................................................16

**Атыгаев Н.А.**
К ВОПРОСУ О РАСПОЛОЖЕНИИ МЕСТНОСТИ «КОЗЫ БАСЫ» .....................................30

**Атыгаев Н.А.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ
ОТНОШЕНИЙ ЕВРАЗИИ .........................................................................................................40

**Атыгаев Н.А.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО: ТЕРМИНОЛОГИЯ ИСТОЧНИКОВ КАК ОТРАЖЕНИЕ
ИСТОРИИ ГОСУДАРСТВА .....................................................................................................51

**Баудиярова К.Б.**
ИССЛЕДОВАНИЕ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ ........................................................................59

**Орисали Дуйсен**
ВЗГЛЯДЫ НА ПРОИСХОЖДЕНИЕ КИМАКОВ .......................................................................63

**Ескекбаев Д.Б.**
ИСТОРИЧЕСКИЕ АРТЕФАКТЫ В АРХИВАХ МОСКВЫ .....................................................70

**Жайлыбаев Д.Ж.**
СЕЛЬСКАЯ ОБЩИНА И ЕЕ ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ ....................................................93

**Жунисбаев А.А.**
НАСЛЕДИЕ ВЫДАЮЩЕГОСЯ УЧЕНОГО:
О СБОРНИКЕ СОЧИНЕНИЙ САНЖАРА АСФЕНДИАРОВА ............................................100

**Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А.**
ИССЛЕДОВАНИЕ ТРУДОВ ПОТОМКОВ ТИМУРА ............. ...............................................107

**Нурмуханбетов Б., Амаргазиева А.Ж.**
ЭПОС «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ» В ПРИКЛАДНОМ
ЖИВОПИСНОМ ИСКУССТВЕ ДРЕВНЕГО МИРА ..........................................................111

**Омаров Г.К., Куркеев Е.М.**
ЭТНИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ ..............................................................123

**Омарова Г.А.**
НАСЕЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (историко-демографический анализ) .............128

**Омарова Г.А.**
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НАСЕЛЕНИЯ АЛМАТЫ ............................................137

**Рахымкулов Д.А.**
О ГИМНАЗИЯХ, ГДЕ ОБУЧАЛИСЬ КАЗАХСКИЕ ДЕТИ
(вторая половина XIX - начало XX вв.) ..........................................................................144

**Рахымкулов Д.А.**
АШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ И ОСВОБОДИТЕЛЬНАЯ БОРЬБА В ЖЕТЫСУ .......165

**Рустемов С.К.**
КАЗАХИ И ОСМАНСКИЕ ТУРКИ: ИЗ ИСТОРИИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ .....................180

**Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.**
НАЧАЛО СОЗДАНИЯ ПЕРВЫХ ШКОЛ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ .......................................193

**Уайсова Ш.Н.**
НАУЧНЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
СО СТРАНАМИ ВОСТОКА .........................................................................................199

## CONTENTS

**Abdimomynov N.T.**
POLITICAL RELATIONS OF BYZANTIUM WITH THE GOLDEN HORDE DURING THE REIGN OF MICHAEL VIII PALAIOLOGOS (1261-1282) ....................................7

**Abdimomynov N.T.**
THE HISTORY OF TOKHTAMYSH'S BATTLES WITH TIMUR ON THE KUNDUZCHA (1391) AND TEREK (1395) RIVERS ....................................................16

**Atygayev N.A.**
ON THE ISSUE OF THE LOCATION OF THE "KOZY BASY" AREA ......................................30

**Atygayev N.A.**
THE KAZAKH KHANATE IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS OF EURASIA ..........................................................................................................40

**Atygayev N.A.**
KAZAKH KHANATE: TERMINOLOGY OF SOURCES AS A REFLECTION OF STATE HISTORY ............................................................................................ 51

**Baudiyarova K.B.**
RESEARCH ON FAMILY STABILITY .............................................................................59

**Orisali Duisen**
VIEWS ON THE ORIGIN OF THE KIMAKS ......................................................................63

**Yeskekbayev D.B.**
HISTORICAL ARTIFACTS IN MOSCOW ARCHIVES .............................................................70

**Zhailybayev D.Zh.**
THE RURAL COMMUNITY AND ITS ETHNO-SOCIAL ROLE ................................................93

**Zhunisbayev A.A.**
THE LEGACY OF AN OUTSTANDING SCHOLAR: ON THE COLLECTION OF WORKS OF SANZHAR ASFENDIAROV ..........................................................................100

**Ibragimova M.N., Nusupbayeva S.A.**
RESEARCH ON THE WORKS OF TIMUR'S DESCENDANTS ................................................107

**Nurmukhanbetov B., Amargaziyeva A.Zh.**
THE EPIC "KOZY KORPESH - BAYAN SULU" IN THE APPLIED PAINTING ART OF THE ANCIENT WORLD ...............................................................................111

**Omarov G.K., Kurkeyev Y.M.**
THE ETHNIC CHARACTER OF DEER STONES .....................................................................123

**Omarova G.A.**
THE POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (Historical and Demographic Analysis) ...........................................................................128

**Omarova G.A.**
DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION OF ALMATY ............................137

**Rakhymkulov D.A.**
ON THE GYMNASIUMS WHERE KAZAKH CHILDREN STUDIED
(second half of the 19th - early 20th centuries) ..................................................................144

**Rakhymkulov D.A.**
ASHEKEY BATYR DAIYRBEKULY AND THE LIBERATION
STRUGGLE IN ZHETYSU ............................................................................................165

**Rustemov S.K.**
KAZAKHS AND OTTOMAN TURKS:
FROM THE HISTORY OF MUTUAL RELATIONS ..................................................................180

**Sarsenov S.A., Mukanbediyeva G.K.**
THE BEGINNING OF THE ESTABLISHMENT OF THE FIRST
SCHOOLS IN THE BUKEY HORDE ............................................................................193

**Uaysova Sh.N.**
SCIENTIFIC AND CULTURAL CONNECTIONS OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN WITH THE COUNTRIES OF THE EAST .................................................199

**EDU.E-HISTORY.KZ**
Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)
*Бас редактор:*Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:* Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.:+7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй